

Астана қаласын сумен жабдықтау мен су қашыртқы жүйесін жаңғыртуды және қайта құруды жетілдіру жобасына арналған Франция Үкіметінің сыртқы займдарын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 27 маусым N 960

Экологиялық жағдайды сауықтыру және су ресурстарын басқару жөніндегі жоспарлардың басымдылығын ескере отырып, сондай-ақ Алматы қаласын сумен жабдықтау мен кәріздерін одан әрі дамыту мен жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Франция Үкіметінің 30 000 000 (отыз миллион) АҚШ доллары сомасына келісім (шарт) жасасу нысанында жеңілдетілген займын тарту жолымен заңда белгіленген тәртіппен үкіметтік қарыз алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен: Франция Үкіметімен келіссөздер жүргізісін және үкіметтік сыртқы займ туралы тиісті келісімге (шартқа) қол қойсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен және Алматы қаласының әкімімен келісім бойынша займға қызмет көрсету үшін екінші деңгейдегі банк-қаржы агентін анықтасын;

үкіметтік сыртқы займ қаражаты түпкі заемшыға - Алматы қаласының әкіміне үкіметтік сыртқы займ туралы тиісті келісімге (шартқа) сәйкес жағдайда және жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуын шектеулер шегінде республикалық бюджеттен, Алматы қаласының жергілікті бюджетінен несиелендіру жолымен беріледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жобаның экономикалық сараптамасын жүргізісін және дұрыс қорытынды жасалған жағдайда жобаны Мемлекеттік инвестициялардың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасына енгізісін.

4. Алматы қаласының әкімі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және екінші деңгейдегі банк-қаржы агентімен займды өтеу мен оған қызмет көрсету және займ қаражатын пайдаланудың есебі жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы тиісті келісім жасасын;

займды өтеу мен оған қызмет көрсету үшін жергілікті бюджеттен тиісті жылдарға арналған қажетті қаражатты көздесін;

займ қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қаржыландыруды бастау

жөніндегі шешімді тездетіп қабылдауға жәрдемдесу туралы өтінішпен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің Алматы қаласын сумен жабдықтау және су қашыртқы жүйесін қайта құру және жаңғырту жобасына жеңілдетілген

займ тартуға дайындығын растағаны туралы Франция Үкіметін хабардар етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Бағарова Ж.А
Орынбекова Д.Қ.